

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ САУДАСЫНЫҢ БІРНЕШЕ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Адаева Ж., заң факультетінің 3 курс студенті

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(Ғылыми жетекші - Билялова М.И., з.ғ.м., конституциялық және халықаралық құқық
кафедрасының аға оқытушысы)*

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев заң үстемдік ететін құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам қалыптастыру – еліміздің басты мақсаттарның бірі екендігін жиі айтып келеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында адам, адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің жоғары құқықтары ретінде көрсетілген. Сонымен қатар, құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуына бағдар беретін стратегиялық құжаттардың бірі болып табылатын Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында: «Азаматтар өз конституциялық құқықтарының орындалуын талап етуі үшін ұсынылған жаңалықтарды халық арасында насихаттау қажет», - деп көрсетілген. Демек, еліміздегі әрбір азамат өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау бей-жай қарамауы, мемлекеттік институттар бұл бағытта тиісінше құқық қорғау шараларын жүргізуі тиіс. Өкінішке орай, бүгінгі қоғамда адам құқықтары мен бостандықтарының бұзылу мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Адам құқықтары бұзылуының ең қауіптілерінің бірі-адам саудасы.[1] Адам саудасы – бұл аңыз әңгіме емес. Жыныстық эксплуатация, мәжбүрлі еңбек, қарыздық құлдық, балалар еңбегін пайдалану, «үй жағдайындағы» құлдық, қайыршылық, қару-жарақ құрылымдарында адамдарды күштеп пайдалану, органдары мен тіндерін трансплантациялау үшін адам сату – осының барлығы бір қылмыстың жантүршігерлік формалары. Адам саудасының барлық түріне құрбандарды бас бостандығынан заңсыз айыру, зорлық-зомбылық пен қорқыту тән.

Бүгінгі таңда сарапшылардың пайымдауынша, ұйымдасқан қылмыс саласында ХХІ-ғасырдың өзекті мәселесіне айналған адам саудасы есірткі мен қару-жарақ саудасынан кейін үшінші орынға ие. Көбінесе адам саудасына ұшырайтындар әйелдер мен кәмелетке толмағандар. Жыл сайын әлемде 700 мыңнан 5 миллионға дейін ерлер, әйелдер мен балалар адам саудасының құрбандары болып, ықтиярсыз құлдықта ұсталады. Оның 1,2 миллионы – балалар. Осындай қоғам қасіреті біздің елімізде де кең етек жайған. Қазақстан мәжбүрлі түрде жұмыс күшіне айналғандар мен жезөкшелікке жегілген адамдарды әкелетін, тасымалдайтын және «аралық көпір» қызметін атқаратын елге айналып отыр. Қазақстандық әйелдер мен балалар Қазақстанның ішінде де саудаға салынады, оларды жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеп, Біріккен Араб Әмірліктеріне, Ресейге, Қытайға, Түркияға, Әзербайжанға, Грекияға және Израильге жөнелтеді. Сол секілді Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан және Украина әйелдері мен жас қыздары Қазақстанда күштеп жезөкшелікке жегілетін жағдайлар да кездеседі. Орталық Азияның басқа мемлекеттеріне қарағанда, Қазақстан экономикасы қарқынды дамып келе жатқан мемлекет, осыған байланысты біздің елімізге жұмыс іздеушілер де, оларды жұмысқа тартушылар жиі келуде. Міне осының нәтижесінде жұмыс іздеп келушілер алдау-арбау, еріктіру, сату сияқты өрескел құқық бұзушылықтардың құрбанына айналуға [2, 28].

Статистикалық мәліметтеріне сүйеніп, бір-екі жылды артқа тастап қарайтын болсақ, 2014 жылы ішкі істер органдары 192 қылмыстық іс қозғады, оның ішінде 3-еуі пайдалану мақсатында адам ұрлау; 4-еуі пайдалану мақсатында заңсыз бас бостандығынан айыру; 10-ы адам саудасы; 8-і кәмелетке толмағанды жезөкшелікпен айналысуға тарту; 9-ы кәмелетке толмағандарды сату; 11-і жезөкшелікпен айналысуға тарту; 147-сі жеңгетайлық және притон ұстағаны үшін жауапқа тартылыпты. Бұған қоса, ауыр қылмыстар бойынша түрлі жаза мерзімдеріне (2 жылдан 8 жылға дейін) сотталған адамдар бар.

Адам саудасымен байланысты қылмыстардың алдын алу, жолын кесу, анықтау және ашу мақсатында ағымдағы жылдың 28 шілдесі мен 1 тамызы аралығында республика аумағында «STOP трафик» жедел-профилактикалық іс-шарасы да өткізілді. Осы кезеңде ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бөлініс қызметкерлері адам саудасымен байланысты 54 қылмысты ашты, оның ішінде 1 – кәмелетке толмағанды жанды саудаға салу; 1 – кәмелетке толмағанды жезөкшелікпен айналысуға тарту; 4 – жезөкшелікпен айналысуға тарту; 6 – пайдалану мақсатында бас бостандығынан заңсыз айыру; 7 – адам саудасы; 35 – жезөкшелікпен айналысу үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау және жеңгетайлық анықталыпты. Ал ағымдағы жылы адам саудасы бойынша 14 қылмыстық іс тіркелді. Кәмілеттік жасқа толмағандады саудаға салу бойынша 32 іс.

148 қылмыстық іс жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеуге қатысты, бұл көрсеткіштер әрине біздің еліміз үшін өте үлкен регресс деп ойлаймын [3].

Қазіргі таңда Қазақстан Үкіметі жүргізіліп отырған шараларға қарамастан, елімізде адам саудасы мәселесін реттеу әлі де толық нәтижеге жетпей отыр және осы мәселенің өзектілігі де күннен күнге артуда. Бұндай құбылыстардың кеңінен таралуына бірнеше себептер ықпал етеді. Біріншіден, халықтың сауатсыздығы; екіншіден, адамдардың қоғамдағы бұл мәселеден бейхабарлығы немесе көптеген жағдайда аңқаулығы; үшіншіден, шет елдерде табысы жоғары жұмысқа орналасу, білім алу үшін шақырылған жұмыстар мен ұсыныстарға ықтиярсыз сеніп, алдануы. Бұдан бөлек, аталған қылмыс тағы да бір себеп туындайды, бұл әлеуметтік жағдайлары төмен, қандайда болмасын еңбекке дайын адамдардың осындай іске жолығуы, яғни халық арасындағы кедейшіліктің болуы. Мысалы, жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің көрсетуінше, келесі топтағы балалар адам саудасының құрбанына жиі айналады:

- жағдайы төмен отбасылардан шыққан балалар;
- жетім балалар, көше балалары;
- мигрант балалар;
- білімі төмен отбасылардан шыққан балалар;
- мүгедек балалар;
- үй-ішілік зорлық-зомбылықтың кәмелетке толмаған жәбірленушілер;
- спиртті ишімдіктер, есірткіні қолданатын балалар;
- заңмен қақтығыстағы кәмелетке толмаған балалар және адам саудасының құрбанына қайта

айналғандар десек, таяқтың екінші ұшын қарастыратын болсақ: осыдан тура екі-үш жыл бұрын құқық қорғаушылар қазақстандықтарды БАӘ, Түркия, Оңтүстік Кореяға жұмыс істеуге барудан сақ болуға шақырған болатын. Қазақстан тоғыз жолдың торабында жатқандықтан, адам саудасында «тауарды» саудалайтын да елге айналып отыр. Әсіресе, тұрмысы төмен Орталық Азия елдерінің тұрғындарын мәжбүрлі еңбекке салу жөнінен алда келеді. Оның ішінде көпшілігі көрші елдерден әкелінсе, өз қандастарымыз да шетелдерде құлдықта жүр. Ал бүгін сарапшылар елдің сыртында емес, ішінде бұрын-соңды болмаған адам саудасы өршіп тұрғанын тілге тиек етіп, дабыл қағуда. Алайда, адам саудасын болдырмау қоғамның өзіне байланысты. Өйткені, мол қаржыға малданып, шетел асуға құмарлардың құлдыққа жегілгенін күн сайын көре тұра сабақ алғысы келмейтіндері қызық. Мәселен, арзан бағаға шетелге шығуға билет ұсынатындар мен әлеуметтік желі арқылы өз еліне шақыратын «қонақжай» жандардан сақтанбайтындардың соңы қайғылы аяқталып жатады.

Бұндай себептердің алдын алу және олардың туындауына жол бермеу – жүргізілетін шаралардың ең негізгісі. Біріншіден, мемлекет тарапынан халықтың арасындағы құқықтық сауаттылықты тиімді түрде жүргізу үшін халыққа арналған ақпараттық бағдарламаларды талдау және осы аталған мәселенің негізгі стратегиясы мен адам саудасы мен адам саудасының жиі құрбаны болатын адамдар тобын ақпараттандыру жөнінде болашақ әрекеттердің жоспарларын әзірлеу қажет.

Кәмелетке толмағандар арасындағы ақпараттық бағдарламалардың рөлі ерекше, себебі көбінесе алданып, сеніп қалушылардың басым бөлігі кәмелетке толмағандар. Сондықтан, мектеп оқушылары мен студенттерге осы мәселеге қатысты озық тәжірибелерді тарта отырып, үгід-насихаттарды көбейту керек, және халықты қамтамасыз ету орталықтарында адам саудасы мәселесімен айналысатын қоғамдық ұйымдардың нақты мәліметтері көрсетілген есте сақтау қағаздары, ақпараттық бюллетендер, басылымдар, плакаттар, буклеттер шығарылып, әзірленуі қажет. Сонымен қатар, шетелдегі жәбірленушілерге көмектесетін ұйымдар жайлы да ақпараттар таратылуы қажет, яғни халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру басты назарда болуы тиіс. Бұл арада БАҚ арқылы ықпал ету шараларын да қарастырған жөн. Басқа мемлекетке қоныс аударайын деп отырған адамдарға ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу қажет. Қазақстандағы адам саудасы саласындағы жағдайды төмендететін факторлардың біріне миграциялық үрдістердің өсуі де өз әсерін тигізеді. Себебі, Қазақстанға жұмыс іздеп келушілердің арам ниетпен келуі немесе кей жағдайда өздерінің алданып, құлға айналып, мәжбүрлі еңбекке тартылу факторлары да кездеседі. Бұл үшін елімізге келушілер мен шет елге кетушілерді тексеруді күшейтіп, толық мәлімет жинайтын, оларды белгілі уақыт сайын қадағалап отыратын құқықтық тетіктерді қарастырып, заңға енгізу керек. Мысалы, шетелге жұмысқа орналасу, болмаса қоныс аудару мүмкүндіктері жайлы, заңсыз және қауіпсіз миграция туралы мәліметтер беру, еңбек шарттарының заңдылығы, туристік және некелік агенттіктердің заңдылығын дәлелдейтін ақпараттар берумен шектеліп қалмау керек. Сонымен бірге виза алу талаптары және визаны алу рәсімі, елшілік қызметтердің,

мигрантарға қызмет ететін ұйымдардың телефон нөмірлері мен мекен-жайлары көрсетілген ақпараттар тарату, осы мәліметтердің барлығы жеке оралықтардың ақпараттық мәліметтер базасында жинақталуы қажет.

Айтылған ақпараттар көлемінде, адам саудасы - құлдықтың қайталануы немесе қазіргі кезде қазақстандықтарды саудалау ел аумағында қызып тұрғаны мәлім екенін байқадық. Сол адам саудасын жасап, жаппай қатігездікпен жасалынатын бұл қылмысты "Адам" деген статусы бар адамдар жасап жүргені қынжылтады, кісінің құны "көк қағаз" болғаныма сонда?! деп ойлайсың. Адам саудасының мәні, мағынасы немесе азабы жайлы айту үшін бір емес бірнеше кітап беттері тозатыны хақ. Сондықтан қорыта келе, адам саудасының құрбандары немесе әлемде жайлаған бұл мәселені аяқсыз қалдырмай, шараларды құр босқа жүргізбей, нақты бір нәтижеге жетуге ат салысуымыз қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы / <http://adilet.zan.kz/>
2. Сырлыбаев Т. Қазақстан Республикасындағы адам саудасы // Заңгер. - 2015. - №5 (166). – Б. 28.
- 3 Тасболатов А. Адам саудасы // Егемен Қазақстан. - 07.08.2014 ж.

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ИНСТИТУТА УПОЛНОМОЧЕННОГО ПО ПРАВАМ ЧЕЛОВЕКА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Абдибекова С.М., студент юридического факультета КарГУ им. академика Е.А. Букетова

С принятием действующего ныне Основного Закона (Конституции) в Республике Казахстан сформулировалось качественно новое правовое пространство, которое заложило фундамент для дальнейшего стабильного развития государственных и общественных институтов, воплотило в своем содержании практически весь спектр прав человека и гражданина, воссоздало благоприятные условия для самореализации граждан и демократизации общества в целом. Права и свободы человека и гражданина, сегодня, занимают особое и приоритетное место в системе Конституционных ценностей Республики Казахстан. Конституция заложила основу конституционной системы защиты прав и свобод человека и гражданина. В соответствии с положениями статей 11,12,13,18,27,28,31 Конституции Республики Казахстан можно выделить государственную, правовую, судебную, общественную, социальную, международно-правовую защиту и самозащиту своих прав и свобод. Это прежде всего свидетельствует о том что Основной Закон Республики Казахстан, охватил основные конституционные инструменты защиты прав человека, которые в свою очередь отвечают международным стандартам в сфере прав человека [1]. Наряду с действующими конституционными инструментами защиты прав граждан эффективным механизмом, дополняющим существующие государственные средства защиты прав и свобод человека и гражданина выступает учреждение Уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан, который согласно Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2020 года является важным механизмом в системе защиты прав и свобод человека и гражданина. На сегодняшний день институт Уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан находится на пути становления и самоидентификации, как правозащитный государственный орган, ранее не известный правовой системе нашего государства.

Уполномоченный по правам человека или омбудсмен является дополнительным механизмом среди существующих средств государственной защиты конституционных прав и свобод человека и гражданина. Указом Президента Республики Казахстан от 19 сентября 2002 года N 947 дана дефиниция института Омбудсмана, где Уполномоченный по правам человека - это должностное лицо, которое реализует наблюдение за соблюдением прав и свобод человека и гражданина [2]. Создание настоящего института на территории Республики Казахстан есть результат активной интеграции нашей страны в мировое сообщество. Сущность института Уполномоченного по правам человека заключается в его непосредственном обеспечении прав граждан, нарушенных